

## **Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қазандағы № 4/460 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 қарашада № 1505 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" 2014 жылғы 18 тамыздағы № 3/684 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1083 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 қыркүйекте "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) 2 тармағының 1) тармақшасы;

2) Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" 2014 жылғы 18 тамыздағы № 3/684 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 2/234 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1161 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 мамырда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған).

2. Алматы қаласы Білім басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары А. Қырықбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі*

*Б. Байбек*